

Ата-анамен жұмыс және ата-анаға кеңес:

Тақырыбы: Ата-анамен жұмыс және ата-анаға кеңес

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту.

Балалардың мінез - құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігін т. б. тереңірек зерттеу.

Ата - ана, бала, тәрбиеші арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

Ата - анамен жүргізілетін жұмыс түрлері.

Топ ішілік ата - аналар жиналысы

Ата - аналармен жеке кездесу

Ата - аналарға тест және сауалнамалар

Ата - аналармен жеке жұмыстар жүргізу және кеңестер беру

Отбасына саяхат

Ата - аналарды тренинг ойындарға қатыстыру

Ата - аналарға кеңес: Ата - аналар бала - бақшада адаптация кезінде баласына қалай көмектесе алады.

Психологтың кеңесі

Сіздің балаңыз бала бақшаға алғаш барған кезде, ол үшін бірінші рет анасынан ажырап өзіне таныс емес үлкен адамдар мен бір топ балалардың арасына түсуі болып табылады.

Бала үшін өзінің отбасында өзін ұстау ережелері қалыптасып қалған. Бала бақшаға келген күннен бастап үйреншікті өмір сүру ортасы өзгереді. Құндылықтарының өзгеруі бала үшін стресс.

Бұл неден көрініс табады?

Баланың эмоционалды жағдайы, ұйқысы, тәбеті нашарлайды;

Дене қызуы көтерілуі мүмкін;

Бала бойында қалыптасып қалған жақсы қасиеттерінің жоғалуы мүмкін;

Иммунитетінің төмендеуі, саламағының азюы мүмкін.

Бала ортаға бейімделгеннен кейін эмоционалды жағдайы қалпына келеді. Орта деңгейдегі бейімделуде алғашқы айларында бала тұмаумен ауыруы мүмкін, ал ортаға қиын бейімделсе баланың эмоционалды жағдайының қалпына келуі ұзаққа созылуы мүмкін.

Осының барлығы баланың келесідей іс қимылдарынан байқалады: баланың тығылып қалуы, қабылдау бөлмесінде отыруы, анасын қайта - қайта шақыру.

Баланың ортаға бейімделуі неге байланысты:

Баланың жасына байланысты. 2 жасқа толғаннан кейін баланың ортаға бейімделуі оңай жүреді. Олардың ортаға деген қызығушылығы жоғары болады, назарларын басқаға аудару жеңілдірек, айтқан сөздерді нақты түсінеді және тыныштандыру оңай.

Баланың жасы мен денсаулығының жағдайына байланысты;

Баланың жекелеген ерекшелігіне байланысты;

Биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты;

Бейімделуге деген дайындығына байланысты (баланың басқа ортаға қаншалықты барып көргендігі, туысқандарына, демалысқа және де басқа жақтарға барып өзімен жасты балалармен қаншалықты араласып көргендігіне байланысты).

Балаға басқа ортаға бейімделу кезінде қалай көмек беру керек? Кішкентай бала ата - анасымен тығыз байланыста болады. Бала қаншалықты кішкентай болса, соншалықты ата - анасымен байланыс ол үшін маңызды болып табылады. Сондықтан, баланың қоғамға деген көзқарасын қалыптастыратын ата - анасы. Баламен өзіне тікелей қатысты мәселелерді ашық талқылауды білу керек. Қазіргі уақытта баланың өмірінде не болып жатыр, болашақта не болу мүмкін деген сұрақтардың жауабын екеуара таба білуіңіз қажет. Баланың бала бақшаға тез бейімделіп кетуі үшін, сіз оған алдын ала ақпарат беруіңіз керек. Оған өзінің құрдастарымен араласудың, қаншалықты қазақ екендігін, бала жаңа нәрсе үйренетіндігін айтып көрсету керек. Ең алдымен бала бақшаның іші сыртын толық балаға таныстырып көрсеткеніңіз дұрыс болады. Бұл баланың бойындағы үрей қорқыныштың сейілуіне мүмкіндік береді. Баламен оның күнделікті бала бақшаға баруын және оның өмірін бақылауда ұстағаныңыз дұрыс. Бала анасының жанында бейтаныс адамдармен араласуды, оларға сұрақ қоюды үйренеді. Осыдан кейін баланың бойында бала бақшаға келіп өзімен жасты балалармен ойнауға, тәрбиешілермен сөйлесуге деген ынта пайда болады.